



Заң жобасы қаралды

Үкімет басшысы Әлихан Смайыловтың төрағалығымен Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің отырысы өтті. Оған орталық мемлекеттік органдардың, Президент Әкімшілігінің, Ұлттық банктің және Бас прокуратураның басшылары қатысты.

Қатысушылар Президент алға қойған міндеттерге сәйкес әзірленген елден заңсыз шығарылған активтерді мемлекетке қайтару туралы заң жобасын қарады. Онда активтерді заңсыз шығаруға ықпал еткен шарттарды жоюға, оларды ерікті түрде қайтаруды ынталандыруға немесе мәжбүрлі түрде қайтару

бастамасын көтеруге бағытталған нормалар қарастырылған.

Үкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін талдау нәтижелері бойынша активтер туралы арнайы декларацияны тапсыратын тұлғалардың шектеулі тізілімін құру жоспарлануда. Активтердің иесі олардың шығу тегін растай

алмаған жағдайда, негізсіз сақтып алынған деп танылады және мемлекет кірісіне айналады. Келіп түсетін активтерді Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыруға бағытталған жобаларды қаржыландыру үшін пайдалану көзделген.

Премьер-министр Әділет министрлігіне айтылған пікірлер мен ескертулерді ескере отырып, заң жобасын мұқият пысықтауды жалғастыруды тапсырды. Сонымен қатар отырыста ауыл шаруашылығындағы инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері талқыланды.

Көмір жеткізудің жаңа тетігі

Премьер-министр Әлихан Смайылов тау-кен металлургия компаниялары қызметінің өзекті мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Қатысушылар Қазақстан аумағындағы газ саласында Eurasian Resources Group-тың («Еуразиялық топ») ЖШС) жаңа инвестициялық жобаларын іске қосу жоспарларын, сондай-ақ теміржол инфрақұрылымды дамыту жобаларын талқылады. Сонымен қатар кеңесте ішкі нарықты, әсіресе шалғайдағы елді

мекендерді көмірмен қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

Премьер-министр өңірлік операторлардың көмірді бөлу жөніндегі қызметін талдау және басы артық делдалдарды айналып өтіп, әлеуметтік объектілер мен халыққа тікелей өндіру орындарынан отын жеткізудің жаңа тетігін пысықтау қажеттігін атап өтті.

Сондай-ақ қазақстандық және өзбек инвесторларының қатысуымен екі елдің теміржолдары арқылы жүк тасымалдауды жүзеге асыру үшін бірлескен кәсіпорын құру мәселелері талқыланды.

Кеңеске Қаржы, Энергетика, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктерінің, «Қазақстан темір жолы», «QazaqGaz» ұлттық компанияларының және ERG компаниясының басшылары қатысты.

Мерейімізді өсірген Универсиада

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Астана қаласының әуежайында 2023 жылғы қысқы Универсиададан жеңіспен ораған студент-спортшыларды қарсы алды. Чемпиондарды құрметпен қарсы алуға олардың туған-туыстары, достары мен жанкүйерлері де жиналды.

«Біздің студенттік құрама қысқы Универсиадада керемет нәтиже көрсетті. 11 отандық жоғары оқу орнынан 78 спортшы 10 спорт түрінен жарысып, 11 медаль жеңіп алды. Биатлоншылар екі алтын, күміс және қола медаль олжалады. Трамплиннен секірушілер де жақсы өнер көрсетіп, отандық құраманың қоржынына тағы бір алтын мен күміс әкелді. Біздің шорт-трек спортшылары мен шаңғышылар да ерекшеленді. Сондай-ақ шайбалы хоккей командасын ерекше атап өткіміз келеді. Олар топтық кезеңде үздіктердің қатарында

болды. Ал қола үшін ойында Универсиада көшбасшылары жапондықтарды жеңді. Жүлдегерлерді жеңістерімен құттықтаймыз», деді министр Саясат Нұрбек.

Осы орайда 2023 жылдың 12-22 қаңтар аралығында Қазақстанның студенттік құрама командасы АҚШ-тың Лейк-Плэсид қаласында өткен XXXI Дүниежүзілік қысқы Универсиадаға қатысқанын атап өткен жөн. Жалпы командалық есепте біздің спортшылар 11 медальмен 11-орынға ие болды. Яғни үш алтын, төрт күміс және төрт қола еншіледі.

Биатлоннан Вадим Куралев пен Бекентай Тұрлыбеков, трамплиннен секіру бойынша Данил Васильев алтын медаль жеңіп алды.

Құрамында Алина Ажғалиева, Яна Хаң, Малика Ермек, Әділ Ғалиахметов, Еркебұлан Шамуханов, Әлішер Әбілқатимов өнер көрсеткен шорт-трек бойынша аралас құрама; биатлоншы Александр Мухин; құрамында Әділ Ғалиахметов, Еркебұлан Шамуханов, Валерий Кищенко, Санжар Жанисов, Антон Хван өнер көрсеткен биатлоннан ерлер құрамасы күміс алды.

Биатлоннан Александр Мухин; құрамында Айна Ракишева, Ксения Шалыгина, Надежда Степашкина өнер көрсеткен әйелдер командасы; шаңғы жарысынан Ксения Шалыгина; хоккейден ерлер құрамасы қола медальге ие болды.

Тау-кен саласындағы қатаң талаптар

Осы жылдың соңына дейін жалпы құны 1,1 трлн теңгеге 16,3 мың тұрақты жұмыс орнын ашуды көздейтін 149 жаңа жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Бұл ретте орта және жоғары бөліністегі өнімдерді өндіру мақсатында өнеркәсіптік даму саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіру де өте маңызды. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі 2023 жылғы осындай іргелі жұмыстарды атқаруға баса көңіл бөлмек. Ведомство күш салатын шаруа тізбегі өте мол. Соның ішінде транзиттік әлеуетті арттыру, жер қойнауын пайдалану мәселесінде қатаң талаптар енгізу және құрылым саласындағы өзгерістерді ерекшелен атауға болады.

Абай АЙМАҒАМБЕТ, «Egemen Qazaqstan»

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев ведомствоның кеңейтілген алқа отырысында саладағы негізгі өзекті мәселелерге тоқталды. Оның айтуынша, транзиттік әлеуетті арттыру мақсатындағы жобалар былтырдан бастап белсенді түрде іске асырыла бастады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, былтыр желтоқсан айында министрлік көлік-логистикалық әлеуетті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекітті екендігі. Бұл – саланы одан әрі дамытып, алдағы іс-қимылды айқындайтын негізгі құжат. 2022 жылдың қараша айында теміржол көлігі саласындағы ірі жобалардың бірі «Достық-Мойынты» теміржол учаскесінің екінші торабының құрылысы басталды. Аталған жобаны іске асыру осы учаскедегі жылжымалы құрамды өткізуді 5 есе арттыруға мүмкіндік бермек.

– Биыл Алматы стансасын айналып өтетін теміржол желісін құрылысын бастап, сондай-ақ транзиттік учаскелердегі тар шеңберлі жерлерді жою жөніндегі жұмысты жалғастырамыз. Осы жылдың соңына дейін «Дарбаза – Мақтаарал», «Бақты – Аягөз» сынды жобалардың техникалық құжаттамаларын әзірлеу жұмыстары аяқталуға тиіс», деді ведомство басшысы.

Биыл автожол саласында жалпы

көлемі 10,5 мың шақырым (оның ішінде республикалық желі бойынша – 7,3 мың шақырым, жергілікті желі бойынша – 3,2 мың шақырым) жолды салу және жаңғырту жұмыстарымен қамту жалғаспақ. Жол сапасын арттыру үшін жыл соңына дейін FIDIC халықаралық ережелерінің шарттары енгізілмек. Негізгі 50 нормативті құру арқылы қолданыстағы 1 200-ден астам салалық норматив оңтайландырылады.

Өз кезегінде вице-министр Еркебұлан Дауылбаев 2022 жылдың қорытындысы бойынша қолға алынған жобалардың нәтижесінде қалаық елді мекендерде сумен жабдықтау қызметтеріне қолжетімділік 98,4 пайызға және ауылды жерлерде 94,5 пайызға дейін ұлғайтылғанын атап өтті.

– Қазір барлық қала мен ауылды жерді таза сумен 100 пайыз қамтамасыз ету үшін «Әр елді мекенде таза су» ұлттық жобасы әзірленіп жатыр. Осы жылы қала халқының 98,7 пайызын және ауыл халқының 96 пайызын сумен жабдықтау қызметтерімен қамту жоспарланып отыр. Бұл бағыттағы жобаларды қаржыландыру үшін республикалық бюджеттен шамамен 172 млрд теңге көлемінде ақша бөлінді, – деді вице-министр.

Былыр коммуналдық желілердің тозу деңгейі 51 пайызды құраған. Өртүрлі қаржыландыру көздері есебінен шамамен 3 мың шақырымдай желіге жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Осы орайда министрлік іліміздегі көріз-тазарту жүйелерінің қалыпты

жұмыс істеуі бақылауда екенін хабарлады. Айталық, қазір республикадағы 89 қаланың 27-сінде көріз-тазарту құрылымдары қарастырылмаған. Ал 41 қалада тиісті нысандардың тозуы 60 пайыздан асып кеткен.

Министрлік қадағалайтын маңызды саланың бірі – құрылыс. 2023 жылы 15,3 млн шаршы метр тұрғын үйді немесе 143,5 мың баспананы пайдалануға беру жоспарланып отыр. Ал құрылыс саласындағы бағаны қалыптастыру тетіктерін жетілдіру аясында, сондай-ақ инфляциялық тәуекелдерді алдын алу үшін министрлік құн индексіні бекітті. Е.Дауылбаевтың айтуынша, құрылыстағы сметалық құнның өсуіне жол бермеу үшін жобалау-сметалық құжаттамадан прайс-парақтар алынып тасталды. «Сметалық бағаның қымбаттауына жол бермеу үшін бірыңғай сметалық бағалардың жинақтары әзірленді. Бұл өз кезегінде сметалық құжаттаманы дайындау үдерісін жеңілдетіп, оның сараптау үдерісін оңтайландыра түседі», деді ол.

Құрылыспен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы салаларындағы ашықтықты қамтамасыз ету үшін қазір цифрлы технологияларды енгізу қолға алынып жатыр. Мәселен, eQuylys жүйесі шұңқыр жерлерді қазудан бастап тұрғын үйді пайдалануға берілетін кезеңіне дейін бақылауға мүмкіндік береді. Ал «Е-Шаңғырақ» платформасы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық субъектілерінің жүйелерін біріктіріп, тұрғын үй қорын басқарудың ашықтығы мен аталған салаға мониторинг жүргізіп, талдау жасауға септеседі.

Вице-министр Иран Шархан өнеркәсіптік даму, геология және жер қойнауын игеру бағытында былтыр атқарылған жұмыстар мен осы жылға арналған жоспарлар туралы айтып берді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 3,4 пайызға өскен. Өңделген өнімнің

Депутаттар тіркелді



Кеше Орталық сайлау комиссиясы Парламент Сенатының депутаттарын тіркеуге қатысты кезекті отырысты ұйымдастырды.

Оралхан АХМАДИЯ, «Egemen Qazaqstan»

Нұрлан Әбдіровтің төрағалығымен өткен жиынға облыстар, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары мен мүшелері (бейнеконференц-байланыс режимінде), бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, сондай-ақ Парламент Сенатының жаңадан сайланған және

тағайындалған депутаттары қатысты.

Естеріңізге салсақ, 2022 жылғы маусымда өткен референдум нәтижелері бойынша Конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес Парламент Сенатының он депутатын, оның ішінде бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша республика Президенті тағайындады.

Бұл конституциялық нормна тәжірибеде алғаш рет

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЫ

2023 жылғы 14 қаңтарда сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын тіркеу туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 12-бабының 10) тармақшасына, 45-бабына, 46-бабының 2-тармағына және 82-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалық сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде 2023 жылғы 14 қаңтарда сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының мынадай депутаттары тіркелді:

Абай облысынан – Қайрат Құлбайұлы Тастекеев; Ақмола облысынан – Талғат Тұрлыбекұлы Жүнісов; Ақтөбе облысынан – Амангелді Шайхоллаұлы Нұғманов; Алматы облысынан – Жанболат Әкебайұлы Жөргенбаев; Атырау облысынан – Әлібек Ибатоллаұлы Наутиев; Батыс Қазақстан облысынан – Арман Кәрімұлы Отегіұлов; Жамбыл облысынан – Сәкен Қалаңұлы Арубаев; Жетісу облысынан – Амангелді Ғабдылқаримұлы Толамисов;

Қарағанды облысынан – Серік Балғатайұлы Өтешов; Қостанай облысынан – Ғауез Торсанұлы Нұрмұхамбетов; Қызылорда облысынан – Руслан Рүстемов; Маңғыстау облысынан – Бекбол Тілеумұратұлы Орынбасаров; Павлодар облысынан – Ернұр Нұрмұханұлы Өйткенов; Солтүстік Қазақстан облысынан – Гүлмира Раинбекқызы Кәрімова; Түркістан облысынан – Мұрат Болатұлы Қадырбек; Ұлытау облысынан – Советбек Тұрсынұлы Медебаев; Шығыс Қазақстан облысынан – Шәкәрім Сабырұлы Бұқтығұтов; Астана қаласынан – Бибігүл Нұрғалиқызы Жексенбай; Алматы қаласынан – Жанна Бейсентайқызы Асанова; Шымкент қаласынан – Нұрлан Құдиярұлы Бекзараров.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы

экспорты былтырғы 10 айда 21,7 млрд теңгеге немесе 34,9 пайызға жетіпті. «2023 жылға дейін 134 мыңға жуық тұрақты жұмыс орнын ашу, оның ішінде моноқалаларда – 13 мың, сондай-ақ ауылды жерлерде 61 мың жұмыс орнын ашу арқылы 734 жобаны іске қосу жоспарланған. Барлық жоба толық қуатына шыққан кезде өндіріс көлемі шамамен 10,4 трлн теңгеге жетпек», дейді И.Шархан.

Өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларды қаржылай қолдау үшін министрлік несиелі, лизингтік қаржыландыру, капиталға үлестік қатысу мен өнеркәсіптік гранттарды беру сынды тетіктерді пысықтады. Мәселен, 2022 жылы даму институттары арқылы жалпы сомасы 425,5 млрд теңгеге жоғарыда аталған саладағы жобаларды қаржыландыру қарастырылды. Ведомствоның ақпараты бойынша, биыл қажетті жобаларды қаржыландыру үшін жалпы сомасы 399,2 млрд теңгеге құжаттама дайындалған. Қазір өңдеу өнеркәсібін дамыту мақсатында қаржыландырудың қосымша көздері мен тетіктері жан-жақты ойластырылып, пысықталып жатыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес «Өнеркәсіптік саясат туралы» заң қабылданған еді. Оның негізгі мақсаты – бәсекеге қабілетті әрі жоғары технологиялық, сондай-ақ экспортқа бағдарланған өнім өндірісін ұлғайту және өңдеу өнеркәсібін тұрақты жолға қою арқылы дамуының шикізаттық моделінен арылу. Осыған байланысты министрлік жүйелі шараларды қабылдап жатқанын айта кетейік. Оның ішінде инвестициялық жобаларды іске асыру, қолжетімді қаржыландыруды көздейтін тетіктерді әзірлеу мен өңдеуші кәсіпорындарды отандық шикізатпен қамтамасыз етуді айтуға болады.

И.Шарханның айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша өндіруші, өңдеуші және министрлік

арасындағы ерікті ұшжақты келісімді жолға қою арқылы қажетті шикізатпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жүйеге келтірілді. Ол жоғарыда айтылған шараны іске асыру кезінде бірқатар өзекті мәселені де туындайтын алға тартты. Мәселен, тау-кен секторындағы ірі кәсіпорындардың ерікті келісімді жасаудан бас тартатын жағдайлары байқалады.

– Бұл мәселені шешу үшін шикізатпен қамтамасыз етуге байланысты міндетті талаптарды белгілеуді ұсынамыз. Атап айтқанда, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекске өзгерістер енгізу арқылы жер қойнауын пайдаланушыларды шикізатпен қамтамасыз етуге міндеттеу қажет. Тиісті талаптар орындалмаған жағдайда қатаң шаралар қабылданады. Оның ішінде, жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияларды қайтарып алу, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды бұзу, шикізатпен қамтамасыз ету бойынша орындалмаған міндеттемелер жиынтығы мөлшерінде тұрақсыздық төлемін қолдану қарастырылады, – деді вице-министр.

Биылдан бастап Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне жер қойнауына мемлекеттік геологиялық зерттеуді жүргізу мен минералдық шикізат базасын толықтыру саласындағы өкілеттіктер берілген болатын. Өз кезегінде жер қойнауына зерттеу жүргізетін үкілетті органның министрлікпен бірігуі тиісті құзыреті бар инспекторлық құраммен пайдалы ресурстардың қазіргі ахуалына қажетті мониторинг жасауға жол ашады деген сенім бар. Осы бірігудің нәтижесінде ведомствода әр нысан бойынша тиісті шешімдер қабылданып, жер қойнауының жай-күйі туралы толық ақпарат бір жерде шоғырландырылмек. Былтыр бюджет есебінен жер қойнауына мемлекеттік геологиялық зерттеу 104 нысанда жүргізіліп, оның 45-інде қажетті жұмыстар аяқталған.